

Egemen Qazaqstan. – 2019. – 18 қазан

Гүлжихан КЕҢЕСҚЫЗЫ, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

Жаңа жоба құс етін өндіруді көбейтуге көмектеседі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында айтылғандай, тиімді шағын және орта бизнестің берік негіздерінің бірі – қала мен ауылды дамыту, оларды бір-бірімен байланыстыру. Ел халқының жартысына жуығы ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, ауылдағы шағын және микробизнесті дамытудың әлеуметтік-экономикалық және саяси маңызы ерекше екені анық.

Президент Жолдауда шағын және орта бизнесті дамыту үшін жаңа жобаларға басымдық бере отырып, қолдау қажет екенін айтты. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің оқытушылары мен студенттері ұсынып отырған «Ауладан дастарқанға дейін» жобасы бірнеше қоянды бір оқпен атудың бір көрінісі сынды. Атап айтқанда, ешқандай бастапқы капиталсыз бизнес бастап, небәрі 2 айдың ішінде табысқа қол жеткізуге, құс шаруашылығының экологиялық таза өнімдерін қолжетімді бағамен алуға, ең алдымен ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға көмектеседі. Тағы бір ұтымды тұсы, бұл университеттің оқытушылары үшін – тағылымдама, студенттерге – тәжірибе.

Жобаның авторы, экономика ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ проректоры Қайрат Айтуғановтың ұйымдастыруымен экономика факультеті, ветеринарлық және мал шаруашылығы технологиясы факультеттерінің оқытушылары жүргізген әлеуметтік жоба 2 айға созылмақ. Оған қажетті қаржылық құрал инвесторлар есебінен тартылды, инвестор – осы университет оқытушылары мен қызметкерлері. Жергілікті құс фабрикасынан 1000 балапан сатып алуға, оған берілетін экологиялық таза құрамажем, ветеринарлық препараттар және тағы да басқа шығындарды қоса есептегенде 1 кило таза тауық етін дайындауға 840 теңге кетеді екен. Бұл баға нарықтағымен салыстырғанда (1300-1500 теңге) төмен екеніне және ет сапасының жоғарылығына сенген оқытушылар жоба басталар алдында алдын ала етке тапсырыс беру арқылы өздері инвестор болды.

Ветеринарлық және мал шаруашылығы технологиясы факультеттерінің студенттері сараптама жасауға, әрбір 10 күн сайын балапандардың салмағы

мен бойын өлшеп, денсаулығы мен дұрыс қоректенуін бақылап, жобаға қатысатын ауыл тұрғынына, яғни тауықты бағушыға кеңес беріп отырады. Экономика факультетінің студенттері болса қаржылық шығындары мен тәуекелдерін есептеуге, нарықтық бағамен салыстыруға, экономикалық табыстылығы мен тиімділігін есептеуге және тағы басқаларына машықтанады. Жоба табысты болуы үшін арнайы маман толық бақылап отырады. Яғни, жауапкершілік тек бір адамға немесе тек тауықты бағушыға жүктелмейді.

Агротехникалық университеттің кәсіподақ мүшелері Қарағанды облысындағы Нұра ауданының 4 үй шаруашылығымен келісімшартқа қол қойып, жұмысты бастап кетті. Осылайша ауылда жұмыссыз жүрген немесе негізгі жұмысына қосымша табыс тапқысы келетін азаматтарға ешқандай бастапқы капитал іздемей, банктен немесе несиелік серіктестіктерден несие сұрамай, кепілдікке үйін немесе жылжымайтын мүлкін тікпей-ақ өз ауласында табыс табуға осындай мүмкіндік ұсынылды. Ол сатып әкеліп берген 100 балапанды бағып, ешқандай химиялық қоспасыз таза экологиялық қоспажем, дәруменін беріп, 1 тауықтың салмағын кем дегенде 2,5-3 килоға жеткізеді. 10 шақты тауық өліп қалғанның өзінде 90 тауықтың әрқайсынан 2,5-3 кило алады. Қойылған жалғыз талап, әрбір 100 тауықтан барлығы 270 кило ет өткізу. Ал қалған тауық еті – бағушының таза пайдасы, 2 айда тапқан табысы.

Бұл жобаға жергілікті басқарушы органдары, ауыл әкімі де атсалысып, түрлі ұйымдастырушылық шаралары арқылы тұрғындарға толық және дұрыс ақпарат жеткізуге, азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етуге тырысты. Ауыл әкімшілігі 15 мың балапан сатып алып, түрлі жағдайды ескере отырып 13,5 мың балапанды өсірсе, 33 тонна құс етін алады екен. Егер мұны ірі қара мал етімен салыстыратын болсақ, 33 тонна ет алу үшін 192 бас ірі қара бағу керек екен. Ал бір ірі қара бағуға кем дегенде 2-2,5 жыл уақыт кететіні белгілі. Бұл жоба бас-аяғы 2 айға ғана созылады. Дәл осы қанатқақты бастаманы қаз өсіру арқылы жалғастыру да жоспарланып отыр. Жобаның нәтижесіне желтоқсан айында, жаңажылдық мейрамдардың алдында көз жеткізетін боламыз.

Қазір Қазақстанда тұтынылатын құс етінің 51%-ы шетелден импортталады. Осындай жобалар арқылы экологиялық таза жем беріп өсірілген жергілікті таза құс етін нарыққа ұсыну жолға қойылса, импорт көлемін ең болмағанда 10%-ға төмендетуге болар еді. Осы істің табыстылығы мен тиімділігіне көз жеткізген қатысушылар оның алдағы уақытта жалғасын табатынына сенімді.

Жалпы, агротехникалық университетте қолға алынған жобаның тиімді жағы көп. Біріншіден, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға көмектеседі. Екіншіден, шетелден келетін құс еті импортын азайтуға, үшіншіден, қосымша табыс табу арқылы салық базасын қалыптастырып, жергілікті бюджетті нығайтуға әсер етеді. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы санаға сіңген патерналистік пиғыл мен масылдықтан арылуға мүмкіндік беретіні де анық. Азаматтар осы арқылы шағын бизнеспен шұғылдануға бейімделеді. Бұл үшін несиеге белшеден батудың да, бастапқы капитал іздеп сабылудың да қажеті жоқ. Кепілге қоятын мүлік іздеп те әуреге түспейді. Ал университеттің ғалымдары мен студенттері практикалық тәжірибе жинап, тұтынушыларға экологиялық таза сапалы өнім ұсынуға мүмкіндік алады.